

Қапшағай қаласының "Қарлығаш" ықшам ауданындағы малдардың сарып ауруына шалдығуына байланысты шектеу қою туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 2 наурыздағы N 37 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Қапшағай қаласының Әділет басқармасында 2009 жылдың 10 сәуірінде N 2-2-79 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 15 сәуірдегі N 256 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қапшағай қаласы әкімдігінің
15.04.2014 N 256 қаулысымен.
Р Қ А О ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасы 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңының 10 бабы, 2 тармағының 9 тармақшасына сәйкес, Қапшағай қаласының «Қарлығаш» ықшам ауданы малдарының сарып ауруына шалдығуына байланысты және оның таралуына жол бермеу жөніндегі Қапшағай қалалық аумақтық инспекциясы бастығының 2009 жылғы 27 ақпандағы № 1-18-26 ұсынысын қарай келе, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Қапшағай қаласы «Қарлығаш» ықшам ауданындағы малдардың сарып ауруына шалдығуына байланысты шектеу қойылсын.

2.Сарып ауруының ошақтарын жою және мал басын сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жоспары қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3.Осы қаулының орындалуына бақылау жүргізу қала әкімінің орынбасары Е.И. Есполовқа жүктелсін.

4.Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Қала әкімі

Н. Таубаев

«Қапшағай қаласының «Қарлығаш»
ықшам ауданындағы малдардың
сарып ауруына шалдығуына
байланысты шектеу қою туралы»
Қапшағай қаласы әкімдігінің

Сарып ауруының ошақтарын жою және мал басын сауықтыру жөніндегі іс-шаралар жоспары

№	Іс-шараларының аталуы	Орындалу мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	Қапшағай қаласы "Қарлығаш" ықшам ауданы малдарының толық есебін жүргізу	2009 жылдың қазан айына дейін	"Қапшағай қаласының ауылшаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі
2	Өлген малдарды тастайтын шұңқырды осы ықшам ауданда жасау	тұрақты түрде	"Қапшағай қаласының ауылшаруашылығы бөлімі" мемлекеттік мекемесі
3	Сарып ауруымен ауырған малдарды тез арада жалпы табыннан аластау	3 күн ішінде	Мал дәрігерлік инспекторы, кәсіпкер мал дәрігері, мал иелері (келісім бойынша)
4	Ауру шыққан малдарды мал иелерінен алып өртеу және жойылуын қамтамасыз ету	ауру шыққан мерзімде	Мал дәрігерлік инспекторы, кәсіпкер мал дәрігері (келісім бойынша)
5	Мал тұрған қоралар мен аулаларды қидан тазарту және арнайы дәрілермен залалсыздандырудан өткізу	тез арада	Мал дәрігерлік инспекторы, кәсіпкер мал дәрігері, мал иелері (келісім бойынша)
6	Ауру шыққан ауладағы қалған малдардан 20-25 күн сайын қан алынып, екі қайтара таза шыққанша сарып ауруына тексерілуін қамтамасыз ету	тұрақты түрде	Мал дәрігерлік инспекторы, кәсіпкер мал дәрігері (келісім бойынша)
7	Мал ауруы шыққан ауладағы адамдардың сарып ауруына тексерілуін жүргізу	тұрақты түрде	Қапшағай қалалық мемлекеттік санитарлы эпидемиологиялық қадағалау басқармасының мамандары және мал дәрігерлік инспекторы, мал дәрігерлік мамандар (келісім бойынша)
8	Тұрғындар арасында сарып ауруына қарсы шаралар жөніндегі насихат жұмысын жүргізу	тұрақты түрде	Қапшағай қалалық мемлекеттік санитарлы эпидемиологиялық қадағалау басқармасының мамандары және мал дәрігерлік инспекторы, мал дәрігерлік мамандар (келісім бойынша)

